

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы « 29 » қаңтардағы
№ 39 қаулысына
қосымша

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір
шешімдерінің тізбесі**

1. «Жылжымайтын мүлікті бағалау және тіркеу жөніндегі мекемелер мен кәсіпорындарды «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Жылжымайтын мүлік пен заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі агенттігінің Жылжымайтын мүлік жөніндегі орталықтары» мемлекеттік кәсіпорны етіп қайта құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 15 тамыздағы № 1261 қаулысының 7-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., № 37, 358-құжат).

2. «Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 қарашадағы № 1181 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 44, 387-құжат).

3. «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 18 қыркүйектегі № 816 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар мен өзгерістердің 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 34, 382-құжат).
